



Әбіш Кекілбайұлы атындағы орта мектебі

М.М.Куткожина

2023 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» Әбіш Кекілбайұлы атындағы орта мектебі Атырау облысында іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ

2023 ж

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» - ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу.

және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП. Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққа гидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;

- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады. *Ұсынылады:*
- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас) Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін,

шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

*Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі; Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі; Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі; Қазақстан халқы Ассамблеясы
Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.*

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсаты	Аяқталу нысаны	жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы (Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу құндылығы)	1-11 сыныптардың оқушылары	1.09.2023 #Bilim_quni хэштегі Сынып сағатының жоспары	Мектеп директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары (бұдан әрі – МДТЖЖО)

2	<p>«Толық адам» ілімі <i>(«Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)</i> «Әсемпаз болма әрнеге...» «Білімдіден шыққан сөз...» «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы...» <i>(Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылықтары)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Қыркүйектің II аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Мектеп психологі</p>
3	<p>«Жолда жүру ережелері» «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» «Жүргізуші және жол тәртібі» «Жасөспірім-ертеңгі көлік жүргізуші» <i>(СӨС ұстану, дұрыс қарым-қатынас орната білу құндылықтары)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Қыркүйектің III аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДТЖЖО Сынып жетекшілер Құқықтық оқыту бойынша мұғалімдер Әлеуметтік педагог</p>
4	<p>«Адал Азамат-Әділетті Қазақстан» «Елімнің ертеңі үшін...» «Ел бүгіншіл-менікі ертең үшін...» «Еріктілер – елінің ертеңін ойлар» <i>(«Еңбегі адал Жас өрен» жобасы)</i> <i>(Адал еңбекті құрметтеу, академиялық адалдық, халқына адал қызмет ету құндылықтары)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Қыркүйектің IV аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДТЖЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекші</p>
Мектепшілік шаралар бойынша				
1	<p>«Ұлы даланың ұлтаралық тілі» Мемлекеттік Тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету, ашық сабақтар, Тіл апталығының жоспары <i>(«Еңбегі адал Жас өрен», «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобалары)</i> <i>(Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту құндылықтары)</i></p>	<p>А.Байтұрсынұлы/н туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар</p>	<p>Қыркүйектің I аптасы</p>	<p>МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері</p>
2	«Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы	Барлық	08.09.2023 ж.	МДТЖЖО

	Сергіту сәті (СӨС ұстану, физикалық белсенді болу құндылықтары) #сергітусәті #менспорттытаңдаймын	сыныптар бойынша		Сынып жетекшілер Кітапханашылар Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Мектеп медбикесі
3	(Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл) «Қожа Ахмет Яссауидің хәл хикмет ілімі» «Балалар кітапханасы» жобасы (Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, ұлттық мәдениетті дәріптеу, халқына адал қызмет ету құндылықтары)	10-11 сыныптар	Қыркүйектің III аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәні мұғалімдері
4	«Алтайдың Кербұғысы Оралхан» (жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл) («Оқуға құштар мектеп» жобасы) (Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыру, қоғам игілігі үшін қызмет ету, білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылықтары)	5-9 сыныптар 10-11 сыныптар	25-28.09	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫНҮЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан – Қарттар күні
- 3 қазан – Мұғалімдер күні
- 23 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Кобеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр – Жүсіп Көпегенің туғанына 163 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	<p>«Жаһұты барға жасын түспейді» «Атам айтқан нақыл сөз...» «Өнегелі өмір өкіндірмейді» «Бір отбасы-бір кітап» <i>(«Балалар кітапханасы» жобасы)</i> <i>(Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыру, қоғам игілігі үшін қызмет ету, білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылықтары)</i></p>	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Қазан айының I аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиетіпәні мұғалімдері
2	<p>Абайдың «Толық адам» ілімі «Бес нәрсеге асық бол...» «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста...» «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат...» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) <i>(Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылықтары)</i></p>	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Қазан айының II аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиетіпәні мұғалімдері Мектеп психологі
3	<p>«Менің бизнес идеяларым» Мектепішілік байқауға дайындық («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <i>(Қазақстан мүддесіне қызмет</i></p>	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Қазан айының III аптасы Сынып сағатының	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Құқықтық оқыту бойынша мұғалімдер

	<i>ету, сыни креативті ойлау, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау құндылықтары)</i>		жоспары	Әлеуметтік педагог
4	«Адалдық-атадан қалған мұра» (БЖБ, ТЖБ орындаудағы академиялық адалдық туралы) («Еңбегі адал Жас өрен», «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобалары) (Адал еңбекті құрметтеу, академиялық адалдық, халқына адал қызмет ету құндылықтары)	Жас ерекшелігіне қарай дайындалған сыныптық сағаттар	Қазан айының ІҮ аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекші
Мектепшілік шаралар бойынша				
1	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда...» «Ұстазға арнау» өлең оқу сайыстары, «Дублер» күнін ұйымдастыру жұмыстары, квест-шеру («Өр талапты, озық ойлы ұлан» жобасы) (Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, адал еңбекті құрметтеу құндылықтары)	Ұстаздар күніне орай «Дублер» күніне қатысу, квест шеруіне атсалысу	Қазан айының І аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Жалпы пәні мұғалімдері
2	«Менің бизнес идеяларым» идеялар фестиваліне қатысу жұмыстары (Білуге, жаңаны тануға құштар болу, қоғам игілігі үшін қызмет ету құндылықтары)	Барлық сыныптар бойынша	Қазан айының ІІ аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Көркемсурет, ғылым пәндер мұғалімдері
3	«Ұрпақтар сабақтастығы», «Отбасылық дәстүрлер» акциясы, «Қоғамға қызмет ет» акцияларына қатысу (Қазақстан мүддесіне қызмет ету, сыни креативті ойлау, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау, отбасының, өз ортасының абыройын асыру құндылықтары)	1-11 сыныптар	Қазан айының ІІІ аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәні мұғалімдері

4	<p>«Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы Гимн айту челленджі #қазақстангимні #меніотанымқазақстан <i>(Қазақстан мемлекетін нығайтуға атсалысу, халқына адал қызмет ету құндылықтары)</i></p>	<p>Білім беру ұйымының қабырғасында білім алушылардың, педагогтердің музыкамен жанды дауыспен Мемлекеттік Гимнді орындауы</p>	<p>23.10.2023</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Пән мұғалімдері Қызметкерлер</p>
5	<p>«Алаш арыстары» <i>(Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қатыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына арналған апталық)</i></p>	<p>Арнайы жоспармен шаралар шеруі</p>	<p>Қазан айында</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Пән мұғалімдері Қызметкерлер</p>
6	<p>«Бабалар салған ізбенен» («Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы) «Ақындар айтысы» - поэтикалық сайыстары #ТӨҚСАН#АҚЫНДАРАЙТЫСЫ# <i>(Сөзіне берік, ісіне адал болу, ұлттық мәдениетті дәріптеу құндылықтары)</i></p>	<p>5-9 сыныптар 10-11 сыныптар</p>	<p>25-28.09</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері</p>

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні ➤ Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	<p>«Әкеге ізет, анаға - құрмет» «Әке-асқар тау, ана-бұлақ, бала жағасындағы құрақ» «Қорғанымсың-әке, шырағымсың-ана» «Әке- әулетті көтерер ер» <i>(Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, ұлттық мәдениетті дәріптеу құндылықтары)</i></p>	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Қарашаның I аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог Мектеп психологі
2	<p>«Оян, ар мен адалдық!» «Адалдық дүкені: адалдыққа баулу, санаға сәуле» Білім беру ұйымдарындағы «Адалдық» дүкендерінде адал сауда жасай білу өркениеттілігі туралы <i>(Адал еңбекті құрметтеу, академиялық адалдық қағидатын қолдау, қоғам игілігі үшін қызмет ету құндылықтары)</i></p>	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Қарашаның II аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер Құқықтық оқыту бойынша мұғалімдер Әлеуметтік педагог
3	<p>«Үнем және қоғам» «Үнемділік инноваторы» Білім беру ұйымдарындағы өзін өзі басқару ұйымы мүшелерінің қатысуымен су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған</p>	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Қарашаның III аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Құқықтық оқыту бойынша мұғалімдер Әлеуметтік педагог

	<i>сынып сағаттары (Қоғам игілігі үшін қызмет ету, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау, отбасының, өз ортасының абыройын асыру құндылықтары)</i>			
4	«Әлемді бағындырған жерлесіміз» <i>Республикаға танымал болған, ерекше дарыны мен қасиеттері, білімі мен зеректілігінен елін сүйсінткен жерлес жандар туралы бір үзік сыр... «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша (Қазақстан мүддесіне қызмет ету, білуге, жаңаны тануға құштар болу, ұлттық мәдениетті дәріптеу құндылықтары)</i>	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Қарашаның ІҮ аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекші
Мектепшілік шаралар бойынша				
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған ұстаздардың, оқушылардың қатысуымен «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстарын жаңа форматта түрлендіріп өткізу «Еңбегі адал жас өрен» жобасы <i>(Адал еңбекті құрметтеу, академиялық адалдық қағидатын қолдау, қоғам игілігі үшін қызмет ету құндылықтары)</i>	Барлық оқушылар Мұғалімдер Қызметкерлер	Қарашаның І аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
2	«Тоғызқұмалақ-дау» <i>(«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында үзілістерде, күзгі демалыста ұлттық ойын тоғызқұмалақтан сайыстар, мектеп біріншіліктерін өткізу, «Тоғызқұмалақты оңай үйрену жолдары» шеберлік сағаттарын ұйымдастыру)</i>	1-11 сыныптар	Қараша Іс-шаралар шеру	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог Мектеп тәлімгері Дене шынықтыру пәні мұғалімдері

	(Физикалық белсенді болу, ұлттық мәдениетті дәріптеу құндылықтары)			
3	<p>«Ұлы дала перзенті» «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» Білім беру ұйымдарындағы өзін өзі басқару өкілдерінің «Ассамблея жастары» жетекшілерімен кездесу сағаттары (Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу, дұрыс қарым-қатынас орнату білу, халқына адал қызмет ету құндылықтары)</p>	1-11 сыныптар	Қарашаның III аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Құқықтық оқыту бойынша мұғалімдер Әлеуметтік педагог

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	<p>«Отбасы - тәрбиенің алтын бесігі» «Отбасы-бақыт мекені» «Отбасы-алтын қазық» «Отбасы – көркем әдебиетте» (Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту құндылықтары)</p>	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Желтоқсан I апта	МДТЖЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекші Әлеуметтік педагог
2	«Тарих пен тіл тамырлас»		Желтоқсан	МДТЖЖО

	<p>«Көк тудың желбірегені» «Тәуелсіздігім-берекем, бағым, намысым!» «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) (Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу, халқына адал қызмет ету, ұлттық мұраға уқыпты қарау құндылықтары)</p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>II аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>Сынып жетекшілер Кітапханашылар Тарих пәні мұғалімдері</p>
3	<p>«Ұрпақ болашағы – Ұстаздан!» («Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» тәжірибелі Ұстаздармен, педагогтермен кездесу кештері, сұхбаттасулар, бейнематериалдар дайындау) (Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу, білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылықтары)</p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Желтоқсан III аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДГЖО Сынып жетекшілер Пән бойынша мұғалімдер Әлеуметтік педагог Мектеп тәлімгері</p>
4	<p>«ТАНЫМ.ТАҒЫЛЫМ:ТӘРБИЕ» «Үнемі оқитын Адам – табысты Адам!» («Бір отбасы-бір кітап» акциясы аясындағы жұмыстар) («Балалар кітапханасы» жобасы) (Ұлттық мәдениетті дәріптеу, білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылықтары)</p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Желтоқсан IV аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДГЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекші</p>
Мектепшілік шаралар бойынша				
1	<p>«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» (Сыныптан тыс тәрбие шараларының шеруі) «Ұлттық мектеп лигасы», «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобалары (Ұлттық мұраға уқыпты қарау, Қазақстан мүддесіне қызмет етуге</p>	<p>Барлық оқушылар Мұғалімдер Қызметкерлер</p>	<p>Сыныптан тыс іс- шаралардың шеруі</p>	<p>МДГЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Пән бірлестіктер Мектеп әкімшілігі</p>

	<i>ұмтылу құндылықтары)</i>			
2	<p>«Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі <i>(Білім алушылардың өз ойын қағаз бетінде жүйелі жазуға, ішкі тұжырымдарын сөзбен жеткізуге үйрету арқылы жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған челлендж)</i> <i>(Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, білуге жаңаны тануға құштар болу құндылықтары)</i></p>	Барлық сыныптар бойынша	13.12.2023 ж.	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті және тарихпәні мұғалімдері</p>
3	<p>«Алтын сақа» олимпиадасы Қазақтың ұлттық ойыны асық ойынын дәріптесу, үзілістердегі ойын сайысы #2 тоқсан#алтынсақа хэштегі («9 айға 9 шара» жобасы) <i>(Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, физикалық белсенді болу құндылықтары)</i></p>	1-11 сыныптар	Қарашаның ІҮ аптасы	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері Дене шынықтыру пәні мұғалімдері</p>

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	<p>«Туған өлке тарландары» «Мен тыңдаған(оқыған) бір ертегі» «Туған өлке ақындары» «Парасаттылық туралы бір үзік сыр...» <i>(«Оқуға құштар мектеп» жобасы)</i> <i>(Ұлттық мәдениетті дәріптеу, білуге, жаңаны тануға құштар болу)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Қаңтардың I аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері</p>

	құндылықтары)			
2	«Профи-TIME» мамандықтар алеміндегі сұраныстарға шолу «Мен білетін мамандық» «Менің жанымға жақын кәсіп» «Менің таңдауым...» (Қоғам игілігі үшін қызмет ету, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау, отбасының, өз ортасының абыройын асыру құндылықтары)	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Қаңтардың II аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Мектеп психологі
3	«Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен!» («Ата-аналар мектебі» және жергілікті «Әкелер академиясы» жобалары) (Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту құндылықтары)	1-11 сыныптар	Қаңтардың III аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖО Сынып жетекшілер Құқықтық оқыту бойынша мұғалімдер Әлеуметтік педагог
4	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық!» «Сыныптағы сегіз қырлы, бір сырлылар» «Қоқыстан - көрмеге» (Қоғам игілігі үшін қызмет ету, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау, жек және командамен жұмыс құндылықтары)	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Қаңтардың IV аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекші Педагог ұйымдастырушы,

**Мектепшілік шаралар
бойынша**

1	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) (Ұлттық мәдениетті дәріптеу, білуге, жаңаны тануға құштар	1-11 сыныптар	Қаңтардың I аптасы	МДТЖО Сынып жетекшілер, Дене шынықтыру пәні мұғалімдері, Мектеп медбикесі, Педагог
---	---	---------------	-----------------------	---

	болу, Қазақстан мүддесіне қызмет ету құндылықтары)			ұйымдастырушы, мектеп тәлімгері,
2	Таным. Тағылым. Тәрбие. (Барлық сыныптар бойынша жаңа форматтағы жалпы ата-аналар жиналыстары) (Сыни- креативті ойлау, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну құндылықтары)	1-11 сыныптар	Қаңтардың II аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог Мектеп психологі
3	«Қазақ есебі» челленджі «Қазақ есебі» челленджі ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадилдаев Аскар Серкүлұлының авторлық есептерін шешу («9 айға 9 шара» тұжырымдамасы) (Білуге, жаңаны тануға құштар болу)	Барлық сыныптар бойынша	26.01.2024 ж.	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Математика пән бірлестігі Мектеп медбикесі

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Мақал – сөздің азығы» «Мен білетін мақалдар саны...» «Мақалды орынды қолдана аламыз ба?» «Мақал және Абайдың қарасөздері» (Ұлттық мәдениетті дәріптеу, білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылықтары)	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Ақпанның I аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар

2	<p>«Кибербуллинг: сақтану, сақтану жолдары» Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және сандық (цифрлық) сауаттылығын қамтамасыз ету, кибербуллинг туралы ескерту жұмыстары <i>(Салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс қарым-қатынас орната білу, сөзіне берік, ісіне адал болу құндылықтары)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Ақпанның II аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологі Әлеуметтік педагог Қамқоршылық кеңес мүшелері</p>
3	<p>«Сен және Заң» Жас ерекшеліктеріне сәйкес құқықтық оқыту сағаттары <i>(«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i> <i>(Халқына адал қызмет ету, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылықтары)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Ақпанның III аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Құқықтық оқыту бойынша мұғалімдер Әлеуметтік педагог</p>
4	<p>«Мектептегі мінез-құлық ережелері» «Еркелік естіге ғана жарасар» «Сабырлылық – асыл қасиет» «Парасат, көркем мінез және қазіргі қоғам» <i>(Жеке және командамен жұмыс істей білу, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, қоғам игілігі үшін қызмет ету құндылықтары)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Ақпанның IV аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДТЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекші Мектеп психологы</p>
Мектепшілік шаралар бойынша				
1	<p>«Үйрен жақсы әдеттен, жирен жаман қадамнан» <i>(Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту)</i></p>	<p>Барлық сыныптар бойынша</p>	<p>Ақпанның I аптасы</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті пәні</p>

	<i>отбасының, өз ортасының абыройын асыру құндылықтары)</i>			мұғалімдері
2	«Айбын» жастар слеті немесе Ұлттық ойындар күні (Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану құндылықтары)	Барлық сыныптар бойынша	Ақпанның II аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер АӘД мұғалімі
3	Оқуға құштар мектеп челленджі – кітап оқу мәдениетін дәріптеу күні («Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары (Білуге, жаңаны тануға құштар болу құндылығы)	1-11 сыныптар	28.02.2024	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Бәрі де Ана бір өзіңнен басталады...» («Ата-аналар мектебі» жобасы) (Отбасының, өз ортасының абыройын асыру, дұрыс қарым-қатынас орнату)	1-11 сыныптардың оқушылары	Наурыздың I аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар

	<i>білу құндылығы</i>			МДТЖО
2	<p>«Экологиялық калейдоскоп» «Мен және таза табиғат» «Туған жерімнің тазалығы-менің адами келбетім» «Экология: зардаптары мен мәселелер түйіні» <i>(Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, адал еңбекті құрметтеу, қоғам игілігі үшін қызмет ету құндылығы)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Наурыздың II аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>Сынып жетекшілер Кітапханашылар Химия-биология пәні мұғалімдері Мектеп психологі</p>
3	<p>«Табысты тұлға» «Сәлем-істің бастауы» «Адалдық-адамдық белгісі» «Жарқ ете қалсам...» <i>(Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту, Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу құндылығы)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Наурыздың III аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Құқықтық оқыту бойынша мұғалімдер Әлеуметтік педагог</p>
4	<p>«Теріс субмәдениеттің зардабы» <i>(Теріс субмәдениеттің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеуге бағытталған түсіндірме шаралары)</i> <i>(Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу, әдеп нормаларын ұстану)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар бойынша тақырыпшалар</p>	<p>Наурыздың IV аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДТЖО Мектеп тәлімгері, Сынып жетекші, Мектеп психологы</p>
Мектепішілік шаралар бойынша				
1	<p>«Ізгіліктің бір ізі-Алғыс айту» «Үміт сәулесі» акциясы <i>(«Жеткіншектің жеті жағысы» жобасы)</i></p>	<p>Барлық оқушылар Мұғалімдер Қызметкерлер</p>	<p>1.03.2024</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен</p>

	<i>(Отбасының, өз ортасының абыройын асыру, ұлттық мәдениетті дәріптеу құндылығы)</i>			
2	<p>«Өзінді мамандықтар әлемінде тап» (Ата-аналардың жұмыс орындарына саяхаттар ұйымдастыру, кәсіпорындарға, өнеркәсіптерге виртуалды және офлайн саяхаттар) <i>(Адал еңбекті құрметтеу, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету құндылықтары)</i></p>	Мектеп бойынша сыныптар бірлестіктері	Көктемгі демалыс кезінде	МДТЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологі Әлеуметтік педагог Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	<p>Көрісу амал дәстүрі/ «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» «Ерекшелерге ерекше жылылық» «Жарк ете қалсам...» «Ұлттық өнер» көрмесін ұйымдастыру <i>(«Төрт тоқсан-төрт өнер» тұжырымдамасы)</i> <i>(Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту құндылықтары)</i></p>	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Наурыздың II аптасы	МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Педагог ұйымдастырушы, мектеп тәлімгері,
4	<p>«Домбыра-Party» шарасы <i>(«Ата-аналар мектебі» және «Ұлттық мектеп лигасы» жобалары, «9 айға 9 шара», «Төрт тоқсан-төрт өнер» тұжырымдамалары)</i> «ҰЛТТЫҚ ӨНЕР» КӨРМЕСІ #ЗТОҚСАН#ҰЛТТЫҚӨНЕР# Халқына адал қызмет ету</p>	1-11 сыныптар	Наурыздың III аптасы 17.03.2024	МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәні мұғалімдері
5	<p>«Таным. Тағылым. Тәрбие» Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен «Көңілді старттар» спорттық іс-шаралары</p>	Жалпы ББҰ бойынша	Наурыздың көктемгі демалысы	МДТЖО Сынып жетекшілер Дене шынықтыру пәні

<i>(Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту, салауатты өмір салтын ұстану құндылықтары)</i>			мұғалімдері Мектеп медбикесі
---	--	--	------------------------------

СӘУІР- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	<p>«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» «Анам үйреткен ұлттық тағам» «Қазы-қарта, жал-жая, шұбат-қымыз...» «Тренде- ұлттық тағамдардың заманауи үлгісі» (Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, ұлттық мәдениетті дәріптеу құндылығы)</p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Сәуірдің I аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p align="center">МДТЖО Сынып жетекшілер Технология пәні бірлестігі</p>
2	<p>«Ұлы дала мұрагерлері» «Ғасырдан жеткен қоңыр үн» «Жаныма жақын жәдігерлер» «Тарихпен үндескен ұлы үміт» ((Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, ұлттық мәдениетті дәріптеу құндылығы))</p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Сәуірдің II аптасы</p>	<p align="center">МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Тарих пәні мұғалімдері</p>
3	<p>«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» «Отбасы туралы сырлы сурет» «Отбасыммен қараған ортақ кино» «Отбасымның үміті менімен...»</p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Қыркүйектің III аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p align="center">МДТЖО Сынып жетекшілер Құқықтық оқыту бойынша мұғалімдер Әлеуметтік педагог</p>

	<i>(Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну құндылығы)</i>			
4	<p>«Тіімді әрі пайдалы тамақтану» «Дұрыс тамақтана білеміз бе?» «Тез дайындалатын сусындар мен тағамдардың зияны» «Сымбатты болу дұрыс тамақтана білуден басталады» <i>(Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану құндылықтары)</i></p>	<p>1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар</p>	<p>Қыркүйектің ІҮ аптасы Сынып сағатының жоспары</p>	<p>МДТЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекші Мектеп медбикесі Мектеп психологы</p>
Мектепішілік шаралар бойынша				
1	<p>Әкелер күні (Мектеп бойынша «Әкелер» күнін жариялау, жоспарлы шаралар өткізу, рейтингісін зерделеу) <i>(Отбасының, өз ортасының абыройын асыру, ұлттық мәдениетті дәріптеу құндылығы)</i></p>	<p>Барлық оқушылар Мұғалімдер Қызметкерлер</p>	<p>Сәуірдің бірінші онкүндігі</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер, Кітапханашылар, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, «Әкелер» қоғамдық кеңесі</p>
2	<p>Спорт ардагерлерімен кездесу кештері <i>(Жергілікті жердегі олимпиада жеңімпаздары, параолимпиада жеңімпаздарымен онлайн немесе офлайн кездесулер ұйымдастыру)</i> <i>(Физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану құндылықтары)</i></p>	<p>Барлық сыныптар бойынша</p>	<p>Сәуірдің ІІ аптасы</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Мектеп медбикесі</p>
3	<p>Достық – көмекпен мықты <i>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясындағы достық көмектер ұйымдастыру, төменгі сынып</i></p>	<p>5-11 сыныптар</p>	<p>Сәуірдің ІІІ аптасы</p>	<p>МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Қазақ тілі мен</p>

	оқушыларына білім мен тәрбие бағытындағы көмектер, ресми, бейресми кездесулер) (Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту, халқына адал қызмет ету құндылығы)			әдебиеті және тарихпәні мұғалімдері
4	Өрле, Қазақстан! («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында түрлі фестиваль, әдеби-танымдық кештер) (Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, ұлттық мәдениетті дәріптеу, сыни және креативті ойлау құндылығы)	5-9 сыныптар 10-11 сыныптар	Сәуірдің ІҮ аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілерКітапханашылар Педагог ұйымдастырушы, тәлімгер,

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Тағдырдың кілті – өз қолыңда» «Сөз қадірі – өз қадірің» «Менің кіші отанымның картасы» «Жүрегім қазақ...» жастарды ынталандыру сағаты (Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту ұлттық мұраға ұқыпты қарау	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Мамырдың І аптасы Сынып сағатының жоспары	МДТЖЖО Сынып жетекшілер «Әкелер», «Аналар» қоғамдық кеңестері ББҰ қамқоршылық кеңес Кітапханашылар

2	құндылығы) «Халықтың ерлігі ғасырлардан жеткен үн» (сынып сағатарында «Бүгінгі күннің батырлары» тақырыбындағы пікіралмасулар) (Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, халқына адал қызмет ету құндылығы)	1-11 сыныптар	Мамырдың II аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологі АӘД пәні мұғалімі Педагог ұйымдастырушы, тәлімгер, Тарих пәні мұғалімі
3	«Оқырман отбасы» «Кітапханаға саяхат» «Біздің отбасы оқыған шығарма» «Көңілден шыққан кітап» (Отбасының, өз ортасының абыройын асыру, жеке және командамен жұмыс істей білу құндылығы)	1-11 сыныптар	Мамырдың III аптасы	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Педагог ұйымдастырушы, тәлімгер
4	Менің гүлзарым (Сынып бөлмелеріндегі немсе дәліздегі гүл өсірудің шеберлік сағаттары) (Қоғам игілігі үшін қызмет ету, адал еңбекті құрметтеу құндылығы)	1-11 сыныптар	Мамырдың IV аптасы	МДТЖЖО Мектеп тәлімгері Сынып жетекші Биология пәні мұғалімдері

Мектепшілік шаралар бойынша

1	Ұлттар достығы («Ұлттар достастығы» шеңберіндегі жоспарлы шара) (Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу құндылығы)	Барлық оқушылар Мұғалімдер	30-31.04. 24 Мамырдың алғашқы күндері	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Педагог ұйымдастырушы,
2	«Жасыл мекен» челленджі (білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және	Барлық оқушылар Мұғалімдер	12.05.2024	МДТЖЖО Сынып жетекшілер Мектеп психологі

	еңбекқорлыққа баулу бағытында көшеттер отырғызу науқаны) (Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, жеке және командамен жұмыс істей білу құндылығы)			Әлеуметтік педагог Тәлімгер Педагог ұйымдастырушы,
3	«Media-time» «ТУҒАН ӨЛКЕМ» ФЕСТИВАЛІ #4ТОҚСАН#ТУҒАНӨЛКЕМ (Қоғам игілігі үшін қызмет ету, адал еңбекті құрметтеу құндылығы)	Барлық оқушылар Мұғалімдер	Мамырдың III аптасы	МДТЖО Сынып жетекшілер Кітапханашылар Тарих пәні мұғалімдері
4	ОТБАСЫ- FEST /ДЕНСАУЛЫҚ- FEST (Отбасы күніне орай ұйымдастырылатын спорттық шаралар, тимбилдингтер) (Ұлттық мұраға ұқыпты қарау, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану құндылықтары)	10-11 сыныптар	Мамырдың II аптасы	МДТЖО Сынып жетекшілер Дене шынықтыру пәнімұғалімдері



БҰЙРЫҚ

27.09.2023

Ынтымақ ауылы

ПРИКАЗ

№ 117

село Ынтымак

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу және «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын» ашу туралы

Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі №499 бұйрығын басшылыққа ала отырып,
БҰЙЫРАМЫН:

1.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйек күнгі «Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие беру бағдарламасын бекіту туралы» №294 бұйрығы және «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасында көрсетілген ұсыныстар, ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдағы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» бағдарламасы (№1 қосымша) жұмыс барысында басшылыққа алынсын.

2.Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» ашылсын.

3.«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жетекшілігіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Байбатыроваға бекітілсін.

4.«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бағдарламасының жүзеге асыру мақсатындағы жұмысшы тобы құрылсын. (қосымша)

5.«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылып, осы бұйрықпен бекітілсін.

6.Мектепшілік бақылау жоспарының тарауларына Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін іс-шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып толықтырулар енгізу, ата-аналарға білім беру бағдарламасының вариативті компонентінің мазмұнын әзірлеуде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетуді жүзеге асыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының уақытша міндетін атқарушы А.Талғатоваға міндеттелсін.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатындағы жұмысшы тобының құрамы:

1. А. Байбатырова-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. А. Талғатова-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының уақытша міндетін атқарушы;
3. А. Сатыбалдиева-мектеп психологі;
4. Р. Жанесеева-әлеуметтік педагог;
5. А. Таугистауова-бастауыш сынып мұғалімі;
6. З. Насипуллина-сынып жетекші;
7. М. Рсмаганбетова- мектеп тәлімгері;
8. Г. Аренова- педагог-кәсіптік бағдар беруші;
9. Г. Елмұратқызы-бағдарламашы маман(ІТ-маман)